

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысының
мәдениет, архивтер және құжаттама
басқармасының
«Облыстық мәдени-сауық және
халық шығармашылығының
ғылыми-әдістемелік орталығы»



КМҚК

басшысының м. а.

С.Т. Мұсайын

«02» ақпан 2026 ж.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының
«Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік
орталығы» КМҚК-ның

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және ұсынымдық сипатқа ие.

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы» КМҚК болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғамның жекелеген саласындағы қоғамдық қатынастар үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге арналған.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың жекелеген саласында жұмыс істейтін адамдар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғамдық қатынастардың жекелеген саласында жұмыс істейтін тұлғаларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу жөніндегі ұсынымдарды айқындайды.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге бағытталған мынадай іс-әрекеттер енгізілген:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қолданылатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері жобаларын әзірлеу кезінде;

4) тиісті қызмет саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарда.

2. Қоғамдық қатынастардың жекелеген саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (іс-әрекет) стандарттары

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қолданылатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу;

2) Қазақстан халқының бірлігін және елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау;

3) адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынаста жалпыға бірдей қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты шешімдер қабылдау кезінде ашықтықты қамтамасыз ету;

5) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сын айтуға себеп бермеу, сын үшін қудалауға жол бермеу, қызметіндегі кемшіліктерді жою және жұмысын жетілдіру үшін сын-пікірлерді пайдалану;

6) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

8) заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарға жол бермеу;

9) еңбек заңнамасының сақталуын, еңбек режимі мен жағдайларының орындалуын, сондай-ақ мемлекеттік қызметке теңестірілген адамдарға қатысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету.

8. Мемлекеттік қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру кезінде:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

2) қызмет алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы толық әрі дұрыс ақпаратты қолжетімді түрде ұсыну;

3) заңнамада көзделмеген құжаттарды талап етуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру кезінде негізсіз әуре-сарсаңға жол бермеу;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу фактілері туралы басшылыққа хабарлау;

5) мемлекеттік қызметтер көрсету үдерісін үнемділік пен тиімділік қағидаттары негізінде тұрақты жетілдіруді қамтамасыз ету.

9. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің және (немесе) олар тартқан қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) қатысуына жол бермеу.

10. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге және сыйлықтар алуға итермелеу фактілері туралы тікелей немесе тікелей басшысына хабарлау;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдардың, қызметшілердің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;

3) лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу мақсатында әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеу және қызметтік міндеттеріне қатысы жоқ қызметтер көрсетпеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауда белсенділік таныту;

5) өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жедел қарау немесе әдейі созбалаңға салу үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу жағдайлары туралы басшылыққа хабарлау;

6) орындауға берілген тапсырманың заңдылығына күмән туындаған жағдайда бұл туралы тікелей басшысына жазбаша түрде хабарлау;

7) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

8) табыс табуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруға біреуге жәрдем көрсетуден тартыну.

11. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындау мен талқылауға жұртшылықтың және бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті қатысуын қамтамасыз ету;

2) ұйымның құрылымдық бөлімшелері жүргізетін құқықтық актілер мониторингін үйлестіруді және тиісті есептердің тұрақты түрде дайындалуын қамтамасыз ету;

3) әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобаларын мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жібергенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жария талқылау үшін орналастыру;

4) нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторларын немесе олардың белгілерін қамтитын нормаларды пайдаланбау.

12. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындауға қатысты материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау;

2) ұйымға қызметке немесе жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды адамдарға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) мемлекеттік қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтердің негізсіз берілуіне жол бермеу;

5) қызметке немесе жұмысқа орналасуға үміткерлерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

6) қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

13. Қызмет саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қатынастар кезінде:

1) бағынысты лауазымды адамдардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және айқын айқындау;

2) бағыныстағы лауазымды адамдар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

3) олардың қызмет нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану барысында әділдік пен объективтілік таныту;

4) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілікке, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздік пен орынсыз мінез-құлыққа жол бермеу;

5) орындау мүмкін емес немесе қызметтік міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін тапсырмалар бермеу;

6) қызметтік жағдайын бағынысты қызметкерлерге қызметтен тыс мәселелерді шешуде ықпал ету құралы ретінде пайдаланбау;

7) бағынысты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

8) әріптестердің қызметтік міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақтылы және толық шаралар қабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ мүлікті, оның ішінде автокөлік құралдарын қызметтік мақсатта ұтымды және тиімді пайдалану.

« 02 » февраля 2026 г.



- 1) реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой антикоррупционным стандартом;
- 2) подготовке и принятии управленческих и иных решений в пределах своей компетенции;
- 3) подготовке проектов нормативных правовых актов Республики Казахстан;
- 4) иных общественно значимых отношениях в зависимости от специфики соответствующей сферы жизнедеятельности.

2. Стандарты (рекомендации) поведения (действий) лиц, работающих в обособленной сфере общественных отношений

7. При реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой антикоррупционным стандартом:

1) руководствоваться Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента, Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами;

2) способствовать укреплению единства народа Казахстана и межнационального согласия в стране, уважительно относиться к государственному и другим языкам, традициям и обычаям народа Казахстана;

3) быть честным, справедливым, скромным, соблюдать общепринятые морально-этические нормы в обращении с физическими лицами, представителями юридических лиц и коллегами, проявлять вежливость и корректность;

4) обеспечивать прозрачность принятия решений, затрагивающих права и законные интересы физических и юридических лиц;

5) своими действиями и поведением не давать повода для критики со стороны общества, не допускать преследования за критику, использовать конструктивную критику для устранения недостатков и улучшения своей деятельности;

6) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность государственных органов, организаций, государственных служащих и иных лиц при решении вопросов личного характера;

7) не распространять сведения, не соответствующие действительности;

8) не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность;

9) обеспечить исполнение трудового законодательства, обеспечение соблюдения режима и условий труда, а также ограничений, связанных с пребыванием на государственной службе приравненных лиц.

9. При оказании государственных услуг и иных разрешительных функций:

1) на постоянной основе принимать меры по повышению качества оказания государственных услуг;

2) предоставлять полную и достоверную информацию о порядке оказания государственных услуг услугополучателям в доступной форме;

3) не допускать истребования не предусмотренных документов, а равно избегать всяческой волокиты (бюрократии) в ходе оказания государственных услуг и иных разрешительных функций;

4) докладывать руководству при склонении к совершению коррупционного правонарушения;

5) обеспечивать постоянное совершенствование процесса оказания государственных услуг, экономичности и эффективности при оказании государственных услуг.

9. При осуществлении государственных закупок, связанных с приобретением товаров, работ, услуг:

1) оптимально и эффективно расходовать денежные средства, используемые для государственных закупок;

2) предоставлять потенциальным поставщикам равные возможности для участия в процедуре проведения государственных закупок, кроме случаев, предусмотренных Законом;

3) обеспечивать открытость и прозрачность процесса государственных закупок;

4) не допускать коррупционных проявлений;

5) не допускать участие в качестве потенциального поставщика и (или) привлекаемого им субподрядчика (соисполнителя), имеющих неисполненные обязательства по исполнительным документам и включенных в Единый реестр должников.

10. При подготовке и принятии управленческих и иных решений в рамках своей компетенции:

1) докладывать непосредственному или прямому руководителю о возникновении конфликта интересов, личной заинтересованности при исполнении служебных обязанностей, о склонении к коррупционному поведению и получению подарков;

2) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность организаций, служащих и иных лиц при решении вопросов личного характера;

3) не дарить коллегам, руководителям и иным должностным лицам подарки и не оказывать неслужебные услуги для получения с использованием должностных полномочий имущественной выгоды, блага либо преимущества;

4) проявлять активность в противодействии коррупции, раскрытии коррупционных правонарушений;

5) докладывать руководству о ставших им известными фактах коррупции, а также о склонении к получению какой-либо выгоды за ускоренное рассмотрение материалов либо волокиты;

6) в письменной форме сообщать непосредственному руководителю о сомнениях в правомерности полученного для исполнения распоряжения;

7) обращаться к вышестоящему руководству, если непосредственный руководитель сам вовлечен в конфликт интересов;

8) воздерживаться от оказания содействия кому-либо в осуществлении предпринимательской и иной деятельности, связанной с извлечением доходов.

11. При подготовке проектов нормативных правовых актов:

1) обеспечивать обязательное участие общественности, средств массовой информации в подготовке и обсуждении проектов нормативных правовых актов;

2) обеспечивать координацию ведения структурными подразделениями организации мониторинга правовых актов и подготовка соответствующих отчетов на постоянной основе;

3) разработанные проекты нормативных правовых актов до направления на согласование в заинтересованные государственные органы размещать для публичного обсуждения на интернет-портале открытых нормативных правовых актов;

4) не использовать в нормативных правовых актах нормы, содержащие коррупционные факторы или их признаки.

12. При организации кадровой работы по подбору и расстановке сотрудников/работников:

1) соблюдать установленные сроки рассмотрения материалов на назначения;

2) при приеме на службу/работу в организацию разъяснять основные обязанности, запреты и ограничение, возлагаемые на должностных лиц;

3) соблюдать требования законодательства Республики Казахстан при отборе кадров;

4) не допускать необоснованной передачи сведений о персональных данных государственных служащих;

5) не требовать от кандидатов на службу/работу документы, не имеющие отношения для заключения трудового договора;

6) объективно и всесторонне проводить служебные расследования в отношении работников.

13. При иных взаимоотношениях, возникающих в зависимости от специфики сферы жизнедеятельности:

1) конкретно и четко определять задачи и объем служебных полномочий подчиненных должностных лиц;

2) не допускать неравномерного распределения трудовой нагрузки между должностными лицами, находящимися в подчинении;

3) проявлять справедливость и объективность при оценке результатов их деятельности, а также при применении мер поощрения и взысканий;

4) не допускать по отношению к подчиненным работникам необоснованных обвинений, фактов грубости, унижения человеческого достоинства, бестактности, некорректного поведения;

5) не отдавать явно невыполнимых распоряжений или выходящих за рамки их должностных обязанностей, а также противоречащих законодательству;

6) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность подчиненных при решении вопросов внеслужебного характера;

7) не принуждать подчиненных к совершению коррупционных правонарушений;

8) своевременно принимать исчерпывающие меры по урегулированию конфликта интересов, возникшего у коллег в ходе выполнения ими своих должностных обязанностей;

9) обеспечивать сохранность имущества, рационально, эффективно в служебных целях использовать собственность, включая автотранспортные средства.